

2. Букетова Н.И. Евней Бөкетов: жерде және көкте.-Қарағанды:ҚарГУ баспасы,2015.-316 бет,79-80 б.

3. Бөкетов Н.И. Ғалым және гуманист. Ректор. Жай ғана-Адам// Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесі:Құрылуы мен дамуының тарихы/А.М.Ғазалиев- Қарағанды: ҚР ҰҒА «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» баспасы,2022.-236 бет.

4. Савченко Т.Т. «Е.А.Бөкетовтің «Досқа алты хат» шығармасындағы автор ұстанымы және оның берілу формалары»// Академик Е.А.Бөкетовтің 80 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.23-24 наурыз. 2-том.-Қарағанды,2005.-11 бет.

5. Е.А.Бөкетов «Атан қомында туған адам. Ғылым, өнер туралы ойлар» Алматы, «Жазушы» баспасы 1975.162-165 бет.

6. Е.А.Бөкетов «Досқа алты хат».-Алма-Ата: «Жалын»,1989.-288 б.

ЕВНЕЙ АРЫСТАНҰЛЫ БӨКЕТОВ - ӘМБЕБАП ҒАЛЫМ

Әкім Д.М.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Орынбекова Р. Ж.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті
akim.dilnaz@mail.ru
Қарағанды қ.

Халық перзенті, даланың дана болмысы, ғылым мен руханиятты бір арнада тоғыстырған қайсар талант иелері болады. Олар уақыттың өзі мойындаған биік тұлға болып, ұлттың тарихи жадында өшпес із қалдырады. Солардың бірі - қазақ ғылымының іргесін бекіткен, ұлттық ой-танымның өрісін кеңейткен, сан қырлы дарын иесі Евней Арыстанұлы Бөкетов. Қарапайым ауылдан шыққан бала бір ғана саламен шектелмей, металлургия, химия, әдебиет, тіл, қоғамтану, мәдениет әлемдерін еркін меңгерген. Ғалымдық қайраты, ұстаздық еңбегі, азаматтық ұстанымы, шығармашылық өрісі оны нағыз әмбебап тұлға, ел игілігіне қызмет еткен рухани алып дәрежесіне көтерді.

Евней Арстанович Букетов 1925 жылдың 23 наурызында Ақмола губерниясының Көкшетау уезіне қарасты Мариинка болысының Бағанаты ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келді. Ағасы Камзабай Букетовтың естелігі бойынша, ол Алыпқаш ауылында туған деген дерек те бар. Қазіргі таңда бұл ауылдар картада жоқ, олардың орны Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданы аумағына кіреді. Азан шақырып қойған есімі «Ибн-Ғабиден» болғанымен, үй ішінде оны «Евней-Ғабиден» деп атаған, ал кейін ресми құжаттарда «Евней» түрінде бекіді. Тегі жағынан Букетов Арғын тайпасынан, Атығай руынан, Бәйімбет тармағынан шыққан. [1]

1930 жылдан кейінгі ашаршылық пен әлеуметтік күйзелістерге байланысты отбасы бірнеше рет қоныс аударды. Бөкетовтер Бағанатыдан Ақан-Барақ, Мало-Кизак, Мокроусов аудандарындағы ауылдарға көшіп жүрді. Евней бастауыш білімін осында алып, алғашқы ұстазы - Августа Иустиновна Тарасова болды. 1933-1934 жылдарғы күрделі кезеңде оның отбасы Петропавл маңына шоғырланды. Евней 3-сыныптан бастап Петропавлда оқуын жалғастырды. Ал ата-анасы сол жылдары Құрған облысы аумағындағы Макушинский шаруашылығында еңбек етті. 1938 жылдың соңында отбасы туған өлкесіне оралып, Евней Марьевка ауылындағы орта мектепте оқыды. Дегенмен, 1941 жылы 9-сыныпты аяқтағаннан кейін әкесінің науқастануына байланысты оқуын уақытша тоқтатуға мәжбүр болды.

Әкесі - Арыстан Тұмырзаұлы аңға шыққанда суық тиіп, екіжақты пневмониядан қайтыс болды. Анасы - Ұмсын (Бальтай) Байжанқызы төрт жыл ішінде он төрт бала дүниеге әкелген. Евней отбасының тоғызыншы баласы болды. Евней екі мәрте некеде болды. Бірінші әйел - Зубайра Дүйсеновна Ундасынова, екінші әйелі - Алма Бекжановна Биттеева (Душимова). Алма Биттеевадан туған екі қызы - Ақсулу Евнеевна Букетова, техника ғылымдарының докторы, және Даляпраз Евнеевна Букетова, бизнес әкімшілігі бойынша доктор. Зубайра Ундасыновадан қабыл алынған екі ұлы бар - Мажит Евнеевич Букетов және Рашид Евнеевич Букетов.

Жасөспірім Евней еңбекке ерте араласып, Ольгинский толық емес орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Кейінірек Соколовка, Двойники, Жалтыр, Городецкое ауылдарындағы мектептерде география, тарих, математика, физика пәндерін оқытып, директор орынбасары қызметін де атқарды. 1943 жылы майданға шақырылса да, денсаулығына байланысты әскери қызметке жарамсыз деп табылды. 1944 жылы Двойники ауылындағы «Қызыл планета» колхозының комсомол ұйымының хатшысы болып сайланды. 1945 жылы сырттай екстерн ретінде Марьевка мектебінде аттестат тапсырып, білімін жалғастыруға мүмкіндік алды.

1945 жылы Евней Бөкетов Қазақ тау-металлургия институтына түсіп, 1950 жылы үздік тәмамдады. Сол жылы аспирантураға қалдырылып, ғылым жолына түсті. 1954 жылы молибденнің

өндірісі мен химиялық талдауы жөніндегі кандидаттық диссертациясын қорғап, металлургия ғылымындағы зерттеулерін тереңдетті. 1954 жылдан бастап ассистент, 1956 жылдан - доцент, ал 1958-1960 жылдары институттың оқу ісі жөніндегі проректоры қызметін атқарды. 1960 жылдан бастап Бөкетов Қарағандыдағы Қазақ КСР Ғылым академиясының Химия-металлургия институтын басқара бастады. 1966 жылы Мәскеуде докторлық диссертация қорғап, селен мен теллурды алу технологиясын зерттеу саласына үлкен үлес қосты. 1969 жылы Балқаш тау-металлургиялық комбинатындағы мырыш өңдеу технологиясын жетілдіргені үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Бұл технологияда оттегінің қолданылуы және шахталық пешке концентраттардың грануланған түрін «суық қосымша» ретінде енгізу әдісі қолданылды. [1], [2]

Евней Арстанович түсті металлургиядағы жаңа үдерістердің физика-химиялық негіздерін жан-жақты зерттеді. Ол селен мен теллурдың химиясы мен технологиясын, молибден мен рений элементтерін тиімді түрде алу мәселелерін, марганец кендерін кешенді өңдеудің мүмкіндіктерін терең зерделеді. Жеке өзі және шәкірттерімен бірге 240-тан астам ғылыми мақала мен тезис, 9 монография, 2 оқу құралын жарыққа шығарды. Сонымен қатар КСРО-ның шамамен 100 авторлық куәлігіне, сондай-ақ АҚШ, Канада, Австралия, Швеция және ГФР елдерінің 15-тен астам патентіне ие болды. Саяси-қоғамдық қызметі: ХІІІ және ХІV Қазақстан Компартиясы съездеріне делегат болды. 1968-1970 жылдары Қарағанды облыстық комсомол комитетіне кандидат, 1971-1981 жылдары Қарағанды облыстық партия комитетінің мүшесі ретінде қызмет атқарды. 1969, 1973-1980 жылдары Қарағанды облыстық Совет депутаттарының депутаты болып бірнеше рет сайланды.

1970 жылы ол Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды, ал 1975 жылдың 3 сәуірінде - академик (действительный член) атағын алды. 1972 жылы ол Ғылым мен техника жөніндегі Мемкомитеттің «Гидрометаллургия» ғылыми кеңесінің мүшесі болды. [3]

14 наурыз 1972-ден 1980 жылдың ортасына дейін Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры қызметін атқарды. 1979 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Қарағанды мемлекеттік университетінің ректорлығына және партия комитетіне студенттерді идеологиялық-саяси тәрбиелеу және мамандарды дайындауды ХХV съез бухгалтер талаптарына сай жетілдіру туралы» қаулысы жарияланып, ректорлық жұмыс сынға ұшырады; айыптар ауыр емес болып, елеулі заңбұзушылықтар анықталмады. Дегенмен Евней Бөкетов денсаулығына байланысты ректорлық қызметтен бас тартуды өтінді. [4], [5]

1978-1982 жылдары ол Қарағандыда «Халькогендер мен халькогенидтер химиясы және технологиясы» тақырыбында І және ІІ республикалық (всесоюзтық) жиындарды ұйымдастырды. Бөкетов қара металлургия саласында да елеулі еңбек сіңірді. Теміртаудың Қарағандыға жақындығы оның металлург мамандарымен тығыз байланысын қамтамасыз етті. Ол жоғары күлді қызылшылды көмірді рудотермикалық балқытуда пайдалана отырып, баланстан тыс марганец кендерін кешенді ферроқоспаларға өңдеу мүмкіндігін зерттеуге ерекше көңіл бөлді.

1980 жылы университет ректорлығынан кеткеннен кейін Химия-металлургия институтына оралып, аға ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істеді. Өмірінің соңғы жылдарында Евней Арыстанұлы жоғары күлді қоңыр көмірден сұйық отын (бензин) алу мәселесіне көп көңіл бөліп, осы мақсатта арнайы зертхана құрды. 1983 жылы институт басшылығы оны қара металлургия зертханасын басқаратын қызметке ұсынды, және ол келісім берді.

Евней Арыстанұлы тек ірі ғалым ғана емес, сонымен бірге әдеби сыншы, аудармашы, публицист, ақын әрі жазушы да болды. Ол қазақ және орыс тілдерінде шығармалар жазды. 1953 жылдың 23 ақпанында жастарға арналған «Ленинская смена» газеті оның «О халтурном переводе и невзыскательных издателях» атты мақаласын жариялады. И. Василенконың «Артемка» повесін, Э. Золяның «Рассказы и статьи», И. Вазовтың «Под игом» романын, У. Шекспирдің «Макбет» және «Юлий Цезарь» пьесаларын, сондай-ақ В. В. Маяковскийдің «Клоп» пьесасын қазақ тіліне аударды. 1953 жылдың 29 наурызында «Казахстанская правда» газетінде Е. Бөкетов В. В. Маяковский поэзиясының қазақша аудармасын сынаған мақаласын басып шығарды. Ал 6 сәуірде «Правда» газеті осы мақалаға қолдау білдірген оң пікірін жариялады. Бұдан кейін де ол бірқатар өткір сыни мақалаларын жариялап отырды. [4]

Е.А.Бөкетовты Қазақстан ғылымы мен мәдениетінің туып, дамуы, перспективасы қатты ойландырған. Оның 1975 жылы «Жазушы» баспасынан «Атан қомында туған адам» кітабы және 1977 жылы сол баспадан орыс тілінде «Творчество қырлары» атты деректі-көркем очерктері басылып шыққан. «Атан қомында туған адам» очеркінде өнер, білім, мәдениет туралы әр жылдары жазған ой-толғаныстарымен қоса қазақтың ғалымдары Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, И.Қарағұлов, Ә.Бектұрғардың шығармашылық ізденістерін, талғам-танымын, тапқан жаңалықтарын шұрайлы тілмен әсерлі әңгімелеген. Осы кітабында Е.Бөкетов әдебиет мәселелеріне ойысып, оның ішінде әсіресе, ақындық өнер, ақындық дарын хақында өз түсінігін оқырмандарымен бөліскен.

Е.А.Бөкетовтың орыс халқының Д.М.Менделеевқа арналған повесі «Досқа алты хат» деген кітабы «Жалын» баспасынан 1989 жылы орыс тілінде, ал 1995 жылы қазақ тілінде жарық көрді.

Өмірінің соңғы күндерінде Е.Бөкетов орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкинның Баркалай де Толлиге арналған “Қолбасшы” (“Полководец”) атты өлеңін қазақшаға тәржімалдаған. Аударманы түп нұсқасымен салыстырғанда Е.Бөкетовтың ақындық қуатын жаңа қырынан көргендей боласың. Оның жазу столынан ұлы математик С.В.Ковалевскаяның өлеңдері табылған. [5],[6].

Академик Е.Бөкетовтың есімін ел есінде мәңгілік қалдару үшін кейінгі жылдары оның әдебиет саласындағы еңбектері жарияланып жатыр. Ғалымның мұрагер інісі Қамзабай Бөкетовтың белсене араласуымен “Көкейкесті” атты шығармасы 2000 жылы “Қазақстан” баспа үйі” серіктестігінен жарық көрді. Бұл кітапта Е.А.Бөкетовтың тірі кезінде жазылып осы кезге дейін жарық көрмеген бір топ сын мақалалары, естеліктері, жол сапар хикаялары қазақ және орыс тілінде енгізілген. Ғалымға ғылым мен техника саласындағы КСРО Мемлекеттік сыйлығы, Қызыл Труд Ту ордені, «Ерен еңбегі үшін» мерейтойлық медалі, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің екі Құрмет грамотасы берілген болатын. Ол 1983 жылдың 13 желтоқсанында Қарағанды қаласында қайтыс болды.[1],[7].

Евней Бөкетовтің еңбегі - тек ғылымға ғана емес, жалпы қоғамға сіңген үлес ретінде бағаланады. Оның зерттеулері металлургия мен химия саласында жаңа технологияларды қалыптастырып, өндіріс процесін жетілдіруге жол ашты. Ол жаңалыққа ұмтылған, тәжірибеге негізделген ғылыми ойларды іске асыра білген тұлға болды. Ғылыми ізденістерінен бөлек, Бөкетовтің қызметі - педагогикалық миссиямен де ерекшеленді. Ол шәкірт тәрбиелеуде жауапкершілік пен шынайылықты үлгі етті, білім мен ғылымның құндылығын ұрпаққа ұғындырды. Оның ұстаздық жолы - білім мен тәрбие арасындағы нәзік байланысқа мысал, әр шәкірт үшін өмір бойы бағыт-бағдар беретін жол. Сондай-ақ, Бөкетовтің еңбегі тек ғылыми тәжірибемен шектелмей, әдебиет пен мәдениетке де баға жетпес үлес қосқанын көрсету керек. Ол аудармалары, публицистикалық мақалалары және сын еңбектері арқылы қазақ және орыс мәдениеті арасындағы көпінді күшейтті, шығармашылық ізденіс пен ой-пікірдің дамуына ықпал етті. Евней Бөкетовтің өмірлік ұстанымы - еңбекқорлық, ізденімпаздық және жауапкершілік. Ол ғылым мен мәдениеттің шынайы үйлесімін көрсеткен, ұрпаққа үлгі болатын тұлға. Оның ғылыми жаңалықтары мен әдеби еңбектері қоғамның интеллектуалдық және рухани дамуына маңызды қадам болды. Евней Бөкетов - қазіргі және болашақ ұрпақ үшін шабыт көзі, ғылым мен мәдениеттің арасындағы алтын көпір. Оның мұрасы, ізденісі және кәсіби адалдығы әрқашан есте сақталады, ал өмірлік ұстанымы - әр оқырманға үлгі бола алатын құнды сабақ!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Евней Букетов: Трагедия светлой судьбы / М. С. Сарсеке. - Мәскеу : Молодая гвардия, 2007. - 603 б.
2. Е.А. Бөкетовтың ғылымға қосқан үлесі - Ulagat.com, 24.12.2020.
3. Евней Букетов өмірбаяны - DailyKaz ақпараттық порталы, 27.02.2019.
4. ЕВНЕЙ БУКЕТОВТИҢ ҚАЛАМГЕРЛІК ҚЫРЫ - «Мәдени мұра» журналы, № 4 (95), 2021.
5. The research of Academician E. Buketov in the field of metallurgy and chemical technology - Atyrau University, 17.02.2025.
6. The Century of the Scholar: The Legendary Buketov - «Adugna» ұлттық порталы, 24.03.2025.
7. Е.А. Бөкетов туралы ақпараттық кітап көрмесі - Қостанай қаласы білім бөлімі (мектеп кітапханасы), 2024.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ - XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ІРІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Жанбекқызы Д.Х

Ғылым жетекшісі:Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің доценті,
т.ғ.к., профессор, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры
Бейсенбекова Нұрсахан Ахметқызы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
khamitzhanova06@icloud.com
Қарағанды қ.

XX ғасырдың басы қазақ халқы үшін тарихи бетбұрыс кезеңі болды. Патшалық Ресейдің отарлау саясаты тереңдеп, жер мәселесі ушығып, ұлттық тіл, дін, мәдениет қысымға ұшырады. Қазақ халқы өзінің байырғы әлеуметтік құрылымынан, мәдени болмысынан айырылу қаупімен бетпе-бет келді. Осындай күрделі жағдайда ұлтты аман алып қалудың жалғыз жолы - саяси ояну, ұлттық сананы